

Күлтегін ескерткішіндегі қытайша мәтін: тарихи-деректанулық талдау¹

Т.З. Қайыркен

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Астана, Қазақстан Республикасы

ORCID: 0000-0002-3808-4989

(E-mail: kairkentz@mail.ru)

ARTICLE INFO

АННОТАЦИЯ

Кілт сөздер:

көне түркі
қағанаты,
көне түркілер,
Күлтегін
ескерткіші,
қытайша мәтін,
реконструкция
және аударма,
зерттеу,
дереккөздік
әлеуеті, Білге
қаған, Таң әулеті,
Таң Сюаньцзун,
мәтіннің
түсіндірмесі.

FTAMP 16.21.31

DOI: <https://doi.org/10.32523/2664-5157-2026-2SI-93-115>

Мақала ерте ортағасыр кезеңіндегі көне түркілердің тарихы және олардың Қытай империясымен дипломатиялық қатынастары туралы маңызды дереккөздердің бірі болып саналатын Күлтегін ескерткішіндегі қытайша мәтінге арналған. Бұл ескерткіштің 732 жылы Екінші Түркі қағанатының негізін қалаушы Елтеріс Құтлық қағанның ұлы Күлтегіннің құрметіне тұрғызылғаны белгілі. Көне түркі қағанаттарының тарихы, олардың басқа ежелгі мемлекеттермен қарым-қатынастары, сондай-ақ түркі тайпалық одақтарының өзара талас-тартысы тасбағанның үш жағында көне түркі тілінде, ал төртінші жағында қытай тілінде баяндалған. Ерте ортағасыр дәуірінде Солтүстік және Шығыс Азияда көне түркі мен қытай тілдері қарым-қатынас пен халықаралық байланыстың аса маңызды құралы болғанын атап өту қажет. Қазіргі уақытта ескерткіштегі қытай мәтіні аудармасының бірнеше нұсқасы бар, алайда соған қарамастан мәтіннің кейбір үзіктері жеткілікті дәрежеде зерттелмеген және талас тудырып келеді. Бұл мақала сол даулы мәселелердің төркінін зерделеуді көздеген. Ескерткіштің тұрғызылу себептеріне және онда көне түркілердің көрші мемлекеттермен дипломатиялық қатынастарының көрініс табуына ерекше назар аударылады. Қытайша мәтінді кешенді түрде талдау сол дәуірдегі халықаралық қатынастардың сипатын нақтылауға мүмкіндік береді. Мақалада қытайша мәтіннің жаңадан нақтыланған реконструкциясы мен оның жоғалған және зақымданған үзіктерінің аудармасы ұсынылған. Талдау жасалған есімдер, атаулар, топонимдер және тарихи-философиялық ұғымдар автор тарапынан қолжетімді ең заманауи тарихи мәліметтер

¹Мақала Қазақстан республикасы Ғылым және Жоғары білім министрлігінің BR 24993043 «Қытай және өзге де Шығыс елдері дереккөздеріндегі көне түркі топонимдері – қазіргі түркі интеграциясының түп негіздерінің бірі: тарихи-этимологиялық, лингвистикалық көрінісі» тақырыбындағы нысаналы-бағдарламалық жобасын іске асыру аясында дайындалды.

негізінде түсіндіріледі. Түркі халықтары мемлекеттілігіне негіз қалаған көне түркі қағанаттарының маңызы атап көрсетілген. Осы орайда көне түркілердің Қытай империясымен дипломатиялық қатынастарының ерекшеліктері мен дәстүрлері талданған. Сондай-ақ, мақалада ескерткіштің қытайша мәтінінде көрініс тапқан ежелгі қытай жаулап алу саясатының негізгі қырлары, атап айтқанда, Аспан Ұлының «жомарттығы» мен «ізгілігін» сипаттайтын риторика, қарсыластарды өз жағына тарту стратегиясы және олардың әлеуетін тиімді пайдалану тәсілдері сараланады. Қытайша мәтінде мезгіл, мекен, тарихи тұлғалар мен оқиғалар туралы егжей-тегжейлі мәліметтер қамтылған, бұл оны өзге дереккөздерді айқындау үшін пайдалануға мүмкіндік береді. Көне түркі руналық жазбаларындағы ақпараттың шынайылығын растаудың маңызы ерекше, өйткені бұрын олар негізінен «Цзю Таншу» және «Син Таншу» сияқты қытай жылнамаларына сүйеніп келген болатын. Ескерткіштің өзіндегі қытайша жазбаны талдау бұл дереккөздерді салыстыруға, нақтылауға және тәптіштеп қарауға мүмкіндік береді. Осылайша, мақалада баяндалып отырған тарихи ақпараттың объективтілігі мен шынайылығы үшін қажетті үш дереккөз – дәстүрлі қытай жылнамалары, көне түркі руналық жазбалары және ескерткіштегі қытайша мәтін арасындағы өзара байланыс ашып көрсетіледі.

Т.З. Қайыркен

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева

Астана, Республика Казахстан

ORCID: 0000-0002-3808-4989

(E-mail: kairkentz@mail.ru)

Китайская надпись на памятнике Кюль-тегину: историко-источниковедческий анализ

Аннотация. Статья посвящена китайскому тексту в памятнике Кюль-тегину как одному из важнейших источников информации по истории древних тюрков и их дипломатических отношениях с Китайской империей в раннем средневековье. Известно, что памятник был воздвигнут в 732 году в честь Кюль-тегина, сына основателя Второго Тюркского каганата Ельтериса Кутлук-кагана. История древнетюркских каганатов, их отношения с другими древними государствами, а также междоусобная борьба тюркских племенных союзов изложены на трех сторонах стелы на древнетюркском

Received 13 March 2026. Revised 14 April 2026. Accepted 16 May 2026. Available online 30 June 2026.



Дәйексөз үшін: Т.З. Қайыркен Күлтегін ескерткішіндегі қытайша мәтін: тарихи-деректанулық талдау // Turkic Studies Journal. 2026. Т. 8. № 2SI. 93-115 б. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2026-2SI-93-115>

For citation: T.Z. Kaiyrken The Chinese inscription on the Kultegin monument: a historical and source analysis // Turkic Studies Journal. 2026. V. 8. № 2SI. P. 93-115. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2026-2SI-93-115>

языке, а на четвертой стороне – на китайском языке. Следует отметить, что в эпоху раннего средневековья в Северной и Восточной Азии древнетюркский и китайский языки были важнейшими средствами внутренней и внешней коммуникации. В настоящее время есть несколько вариантов перевода китайского текста памятника, однако несмотря на это, некоторые фрагменты текста изучены недостаточно и являются дискуссионными. Данная статья посвящена изучению этих дискуссионных вопросов. Особое внимание уделяется причинам возведения памятника и отражению в нем политико-дипломатических отношений древних тюрков с соседними государствами. Комплексный анализ китайского текста позволяет уточнить характер отношений между государствами того времени. В статье представлена новая уточненная реконструкция китайского текста и перевод его утраченных и поврежденных фрагментов. Имена, термины, топонимы и историко-философские концепты, подвергшиеся анализу, интерпретируются автором в соответствии с доступными новейшими историческими данными. Подчеркнута значимость древнетюркских каганатов, в которых заложены основы государственности тюркских народов. В данном контексте проанализированы особенности и традиции дипломатических отношений древних тюрков с Китайской империей. Также в статье анализируются ключевые аспекты древнекитайской завоевательной политики, отраженные в китайском тексте памятника: риторика, характеризующая «щедрость» и «доброту» Сына Неба, стратегия склонения противников на свою сторону и практики рационального использования их потенциала. Китайский текст содержит детализированные сведения о времени, месте, исторических лицах и событиях, что позволяет использовать его для верификации других источников. Особое значение имеет подтверждение достоверности информации из древнетюркских рунических надписей, которые прежде преимущественно опирались на китайские хроники, такие, как «Цзю Таншу» и «Син Таншу». Анализ китайской надписи в самом памятнике позволяет сопоставить, уточнить и детализировать эти источники. Таким образом, в статье раскрывается взаимосвязь трех источников традиционных китайских хроник, древнетюркской рунической надписи и китайского текста памятника, которые в совокупности дают возможность раскрыть достоверную информацию об истории древнетюркских каганатов и их отношениях с другими древними государствами.

Ключевые слова: древнетюркский каганат, древние тюрки, памятник Кюль-тегину, китайский текст, реконструкция и перевод, исследование, источниковедческий потенциал, Бильге-каган, династия Тан, Тан Сюаньцзун, интерпретация текста.

T.Z. Kaiyrken

L.N. Gumilyov Eurasian National University

Astana, Republic of Kazakhstan

ORCID: 0000-0002-3808-4989

(E-mail: kairkentz@mail.ru)

The Chinese inscription on the Kultegin monument: a historical and source analysis

Abstract. This article examines the Chinese inscription on the Kultegin Monument, one of the most important sources for the history of the ancient Turks and their diplomatic relations

with the Chinese Empire during the early medieval period. Erected in 732 CE in honour of Kultegin, the son of Elterish Qutlugh Qaghan, founder of the Second Turkic Khaganate, the monument constitutes a key historical source for the study of the political and cultural history of the Turkic world. Three sides of the stele contain inscriptions in Old Turkic that record the history of the Turkic Khaganates, their relations with neighbouring states, and internal political developments among Turkic tribal confederations. The fourth side bears a Chinese inscription. During the early medieval period, Old Turkic and Chinese functioned as the principal languages of political and diplomatic communication across North and East Asia. Although several translations of the Chinese text have been published, a number of passages remain disputed and insufficiently studied. This article re-examines the Chinese inscription with particular attention to the circumstances surrounding the monument's erection and the representation of political and diplomatic relations between the ancient Turks and neighbouring states. A comprehensive analysis of the text contributes to a more accurate understanding of interstate relations during this period. The study presents a revised reconstruction of the inscription and offers translations of previously damaged or missing passages. Personal names, official titles, toponyms, and historical-philosophical concepts are analysed in light of the latest historical and philological research. Particular emphasis is placed on the role of the ancient Turkic Khaganates in the development of Turkic statehood and on the diplomatic traditions that shaped relations between the Turks and the Chinese Empire. The article also examines elements of Chinese imperial ideology reflected in the inscription, including representations of the emperor's benevolence, strategies of political integration, and the pragmatic use of military and diplomatic power. The Chinese inscription contains valuable information on dates, places, historical figures, and events, making it an important source for verifying and supplementing other historical records. Of particular significance is its confirmation and clarification of information preserved in Old Turkic runic inscriptions, which have traditionally been interpreted primarily through the evidence of Chinese dynastic histories, including the *Jiu Tangshu* and *Xin Tangshu*. Comparative analysis of the Chinese inscription, Chinese chronicles, and Old Turkic runic texts demonstrates the close interrelationship of these sources and contributes to a more reliable and comprehensive reconstruction of the history of the ancient Turkic Khaganates and their relations with neighbouring states.

Keywords: Ancient Turkic Khaganate; ancient Turks; Kultegin monument; Chinese inscription; reconstruction and translation; research; source-critical potential; Bilge Qaghan; Tang dynasty; Emperor Xuanzong of Tang; text interpretation.

Кіріспе

Күлтегін ескерткіші көне руникалық және көне қытайлық екі түрлі жазумен жазылған. Ондағы мазмұндар біріне-бірі қарама-қарсы екі түрлі тарихи және саяси көзқараспен баяндалған. П.Б.Голденнің ойынша ескерткіштің түрікше бөлігі түркі мемлекетін жоғары көтеретін аңыздардан, тарихи деректерден және саяси ойлардан тұрады (Golden, 2010: 24). Күлтегін ескерткішіндегі қытайша жазба түрікше мәтінмен қоса мәңгітастың келесі бетіне қашап жазылған. Ең бастысы, аталмыш қытай тіліндегі жазба ескерткіштегі түрікше жазбаны қайталамайды, яғни оның аудармасы емес. Ескерткіштегі түрікше жазбамен салыстырғанда, онда Күлтегінге және оның ағасы

Білге қағанға қатысты тарихи жағдайлар жалпылама айтылады. Сондықтан ондағы мазмұндар түрікшесіндегі мазмұндарды одан ары толықтырып қана қоймай, олардың деректік құндылығын арттыра түседі.

Демек, Күлтегін ескерткішіндегі жазбалар VI-VIII ғасырлардағы Түркі қағанатының және түркі тайпаларының тарихын, олардың айналадағы елдермен байланысын зерттеуде айрықша қажетті дерек көзі.

Күлтегін ескерткішіндегі қытайша мәтін (Моңғолия), көлденеңінен 14 жол, тігінен 36 жол, жалпы жазылғаны – 504 иероглиф, сақталып қалғаны – 500 иероглиф, бүліну деңгейі жеңіл.

Көне түркі ескерткіштеріндегі қытай жазбалары хронологиялық тұрғыдан ортағасырлық түркі тарихы кезеңіне тән, ал шығу тегіне қарай қытайлық болып табылады. Сипаты жағынан олар қайталанбайтын деректер қатарына жатады. Типтік сыныпталуы тұрғысынан жазба дерек, оның ішінде тастағы жазба дерек. Аталған жазбалар мазмұн жағынан белгілі бір тарихи тұлғаға байланысты деректерді толық қамти алмайды. Жүздеген жылғы эрозияның және адами факторлардың әсерінен мәңгі тастағы жазулар түрліше дәрежеде зақымдалған.

Зерттелу дәрежесі

Күлтегін ескерткішін алғаш тауып, оны ғылым әлеміне паш еткен, Сібір халықтарының этнографиясы мен тарихи-археологиялық мұраларын терең зерттеуші ғалым Н.М. Ядринцев болатын. Н.М. Ядринцев 1890 жылы қаңтар айында Мәскеуде өткен VIII кезекті халықаралық археология конгресінде өзі жинақтаған экспедиция материалдары негізінде баяндама жасады.

Осыдан соң, 1890 жылғы финн зерттеушісі О. Гейкель мен 1891 жылғы ресейлік В.В. Радлов экспедициялары жасақталды. Осы экспедиция материалдары негізінде 1892 жылы О.Г. Гейкельдің Орхон ескерткіштері туралы атласы жарияланды (Heikel, 1982: 38). О. Гейкель Күлтегін ескерткішіндегі қытайша мәтінді орыс синологы П.С. Поповқа алғашқы шартты аудармасын жасатып, кешеннің кімге арналғанын сәтті анықтады. Ізінше, Ресей ғалымы В.В. Радловтың «Атлас древностей Монголии» атты еңбегі де 1892 жылы баспадан шықты (Радлов, 1892: 538).

В. Томсен атлас түріндегі осы материалдарды зерттей отырып, Орхон ескерткіштеріндегі құпия жазудың кілтін ашты. Бұл үшін ол Күлтегін ескерткішіндегі қытайша жазбадан “Тудолу” (骨咄祿 – құтлық), Күлтегін (闊特勤), Тәңір (纁梨), «Бицзя» (苾伽-Білге) деген сөздердің қытайшасын тауып алды және осы сөздерді түрікше мәтіннен іздеді. Сол арқылы зерделей келе 1893 жылы желтоқсан айында құпия жазудың сырын біржолата ашып берді (Сартқожаұлы, 2003: 13-14).

Күлтегін ескерткішіндегі қытайша жазбаның тұңғыш аудармасын 1892 жылы финн ғалымы Г. Габленц жасады (Gabelentz, 1892: 25-26). Одан соң 1896 жылы В. Томсен Күлтегін, Білге қаған ескерткіштерінің латынша транскрипциясы мен французша аудармасын ұсынған кезде кітабының соңына Е.Х. Паркер аударған Күлтегін ескерткішіндегі қытайша жазбаның ағылшыншасын қоса берді (Thomsen, 1896: 140).

Г. Шлегель де Г. Габленцтің қателігін көрсете отырып, толық әрі жаңа аудармасын жариялады. Г. Шлегельдің аудармасын пайдалана отырып, орыс синологы В.П. Васильев 1897 жылы Күлтегін ескерткішіндегі қытайша жазбаны орыс тіліне аударды

(Васильев, 1897). Бірақ бұл аудармалардың бәрі қателіктен кенде емес еді. Сондықтан, В. Васильев сол кезде Цин мемлекетінің Ресейде тұратын елшісі Суй Цзиндэннен (许景澄) Күлтегін ескерткішіндегі қытайша жазбаны аударуға көмек қолын созуды өтінді (Хан Жулин 韩儒, 1935: 71). В. Радлов оның көмегімен жасалған аударманы 1894 жылы «Die altturkischen Inschriften der Mongolei» атты еңбегінде пайдаланды (Radloff, 1894: 167-169).

Бұдан соң, бұл ескерткішке Цин мемлекеті де назар аудара бастады. 1911 жылы Цин патшалығының Күреде (Ұланбатырда) тұратын ұлығы Сан До (三多) сырт аймақтарға жасаған сапарының бірінде Күлтегін ескерткішіне жолығып, ондағы жазбалардың эстампажын алады. Сандо сол кездегі «Әдебиет-көркем өнер» (文艺杂志) журналының 8-санында «Күлтегін ескерткіші туралы» деген мақаласында бұл туралы айта келіп: «Еліміздің іші-сыртындағы әдеби қауым әр түрлі болжам айтуда. Бірақ ескерткіштің артқы тарабы мен екі жанында қазірге дейін жетпеген түрік жазуы ойылған. Әдеби қауымға таныстыру үшін оның бәрін эстампажға алуға бұйырдым» (Линь Ган 林幹, 1987: 590) дейді.

Қ. Сартқожаның жазуынша, 1912 жылы Ресей ғалымы, поляк В.Л. Котвич Монғолияға жасаған сапарында бұл кешенге 1911 жылы Моңғол астанасы Дахүреде отырған Қытай үкметінің губернаторы Сандо-амбанның бұйрығымен қалтқы жасалып, қорғауға алынғаны жөнінде толық мәлімет қалдырады (Сартқожа, 2003: 21). 1911 жылы губернатор Сандо-амбан тұрғызған қоршау да кейіннен құлаған. Бұдан XX ғасырдың бас кезінде Моңғолияда болған Цин үкіметі ұлықтарының аталмыш киелі тұрақ пен ондағы тас ескерткіштерге айырықша маңыз беріп, оларды қорғауға алуға ниеттенгенін көруге болады.

1929 жылы қазанда «Чжун-шань университеті филология-тарих зертханасы апталығының» (中山大学语言历史研究所周刊) 100-ші мерекелік санында зерттеуші Хуан Чжунциннің (黄仲琴) «Күлтегін ескерткіші» атты мақаласы жарық көрді. Онда бұдан алдын Ли Вэньтяннің (李文田) «Қарақорымдағы бағалы тас ескерткіш» (和林金石录) атты мақаласында басылған Күлтегін ескерткішінің қытайша мәтінінің мазмұнын таныстыра келіп, оған кейбір түсініктер берді (Зәкенұлы, 2006: 14). Бұдан соң Хуан Чжунцин аталған апталықтың 10 (жалпы 120)-санында «Тағы да Күлтегін ескерткіші туралы» (再谈阙特勤碑) атты мақала жариялап, ескерткіштің қытайша бөлігіне қатысты біраз деректер берді (Хуан Чжунцин 黄仲琴, 1930: 41-53). Кейін Күлтегін, Білге қаған ескерткіштеріндегі қытайша жазбалардың фото көшірмесін ешқандай түсінік берместен жария етті (Хуан Чжунцин 黄仲琴, 1933: 40). 1934 жылы Юэ Цзя-цзао (乐嘉藻) атты ғалым «Қарақорымдағы Таң дәуіріне тән үш ескерткіш» (和林三唐碑记略) атты мақала жариялап, Күлтегін, Білге қаған, Орда-Балық ескерткіштерінің қашан, кімдердің атына қойылғандығы туралы зерттеу жүргізді (Юэ Цзя-цзао 乐嘉藻, 1934).

Күлтегін ескерткішіндегі қытайша мәтінді бірінші болып зерттеген – қытай ғалымы Цын Чжунмянь. 1934 жылы «Фучжэнь ілімі» альманағына жариялаған «Түрікше Күлтегін ескерткішіне түсіндірме» атты мақаласында ол аталмыш мәтінге қысқаша талдау жасап, Луо Чжэньюй (罗振玉) реттеген «Қарақорымдағы алтын тас ескерткіші» (和林金石录) мен Лин Муцзиу қайта бастырған Чэн Юйдің (铃木吉武重刊盛昱本) «Күлтегін ескерткішінің түсіндірме нұсқасын» (阙特勤碑释文) салыстыра отырып, иероглифтерді қате қолданудан кеткен көптеген қателіктер табады және оларды түзетеді. Ол сонымен бірге финдердің (Г.Габленц) аудармасын да көргенін, онда қателіктің көп екендігін көрсетті (Цын Чжунмянь 岑仲勉, 1937).

Зерттеу материалдары мен әдістері

Күлтегін ескерткішіндегі қытайша жазба XIX ғасырдың соңынан бермен тарихшылардың назарында болып келді. Бүгінге дейін мәтіннің финн ғалымы Г. Габленц, Е.Х. Паркер, неміс ғалымы (кейде голландиялық делінеді – авт.) Г. Шлегель, орыс синологы В.П. Васильевтің аудармалары мен қытай ғалымы Цын Чжунмянның финн нұсқасына жасаған түзетуі бар. Бұл аудармалар мен мәтінге жасалған түзетулер біздің Күлтегін ескерткішіндегі қытайша жазбаның анағұрлым дәл, ғылыми аудармасын жасауымызға көмектесті.

Мәтінді зерттеуде текстологиялық, деректанулық және тарихнамалық әдістер қолданылды.

Талдау

Жазбаның мән-мағынасын, ондағы атау-терминдерді тереңірек талдау үшін ең әуелі жазба өмірге келген дәуірмен, нақтылы тарихи оқиғалармен, Күлтегіннің жеке басына қатысты тарихи жағдаяттармен терең танысу керек. Күлтегін – Екінші Түркі қағанатының бас бұйрығы (әскер басы). Қағанаттың негізін салушы Елтеріс Құтлық қағанның ұлы және өз замандасы Білге қағанның туған інісі. Ол Екінші Түркі қағанаты құрылған кезде дүниеге келіп, он жасынан бастап мемлекеттік істерге араласты. Бүкіл өмірінде Түркі қағанатының тәуелсіздігі мен шекарасын, халқын аман сақтап қалу үшін күресті. Бұл ретте Таң әулетімен де талай мәрте соғысты. Ол ағасы Білге қағанмен, ел абызы Тоныкөкпен бірге Екінші Түркі қағанатын орнықтырған соң, Таң әулетімен тату көршілік саясат ұстанды. Өкінішке қарай, ол Түркі қағанаты мен еліне пайдасы тиетін дер шағында, 47 жасында 731 жылы қайтыс болды.

Түркі қағанаты мен Таң әулетінің байланысы жақсарып, екі ел арасында тепе-тең қарым қатынас орнай бастағандықтан, Білге қаған інісі қайтыс болған соң, оған арнап ескерткіш орнатып, мемориялдық кешен тұрғызбақ болды және бұл істе Таң императоры Таң Сюаньцзунның көмегіне жүгінеді. Жағдайдан хабардар болған соң, Император Тан Сюаньцзун арнайы қазанама (көңіл айту хатын) жазып, мемлекеттік делегациямен қоса шеберлер жібереді. Шеберлер Тан Сюаньцзунның қазанамасын оның қолтаңбасын бұзбай ескерткіш тастың бір бетіне жазады. Демек, бұл осы ескерткіш тасқа жазылған түрікше мәтіннің аудармасы емес, керісінше Қытай императорының жеке өз атынан жазған қазанамасы болатын. Сол себепті, ескерткіштегі қытайша мәтін мен түрікше мәтін бірін бірі қайталамайды. Алайда бірін бірі толықтаушы тарихи дерек болып табылады.

Түрікше мәтінде Түркі қағанаты мен халқының тарихы, мемлекеттілік дәстүрі, өкініші мен өксігі, ішкі алауыздық салдарынан елу жыл Табғаш қағанға (Таң империясына – авт.) бодан болғаны, ақыр соңында Елтеріс Құтлық қағанның бастауында тәуелсіздіктерін қайтадан қолға келтіргені, ендігі жерде сол тәуелсіздікті ұрпақтан ұрпаққа сақтап қалу туралы арман-мұраттары, ұрпаққа өсиеті жазылса, қытайша мәтіннен қытайлық центристік көзқарас пен конфуцианшылдық идеологияның, имперлік амбицияның лебі еседі. Император Тан Сюаньцзун екі ел арасындағы тату көршілікті дәріптей отырып, Түркі қағанатын өзімсініп, онымен арадағы қатынасты «әке-бала» қатынасы ретінде көрсеткісі келеді. Сондықтан ескерткіштегі көне түрікше мәтін мен қытайша мәтіннің

мазмұны саяси жақтан бір-біріне қарама-қайшы деуге болады. Өйткені түрікше мәтінде көк түріктердің асыл тегі, айбаты, олардың алып мемлекеті, елдігі, өкініші мен болашақ армандары туралы сөз болса, қытайша мәтінде Таң императоры Түркі қағанатын өзінің бағынышты «баласы» ретінде көргісі келеді.

Күлтегін ескерткіші ондаған ғасырды артқа тастап бізге жеткендіктен эрозияға ұшырап, бүлінген. Бірақ XVIII ғасырдан бастап бұл жазуға ғылыми тұрғыдан қызығушылар көбейгендіктен, жазудың әртүрлі көшірме нұсқалары мен сынық фрагменттері табылды.

Қытайша жазбаның жоғары жағына «故阙特勤之碑» деп үлкен иероглифтермен екі қатар етіліп, қытай хаткерлерінің кайшу (楷书) үлгісінде жазылған. Ал тұтас жазба лишу (隶书) үлгісінде жоғарыдан төменге, оңнан солға қарай жазылған. Жалпы 14 жол, әр жолы 36 иероглифке арналған. Негізгі мәтіннен басқа оң жақтан жоғарыдан екі жол қалдырып, лишу үлгісімен тағы да «故阙特勤碑» деген 5 иероглиф жазылған. Одан төмен кайшу үлгісінде «御制御书» (Патша ағзам жасатқан, жаздырған) деген 4 иероглиф жазылған. Мәтін соңына 大唐开元廿年岁次壬申七月辛丑朔七日丁未建 – «Ұлы Таң патшалығының Кайюань жылнамасының 20-жылы шілденің 7-жұлдызы (20.08.732) тұрғызылды» деген сөздер жазылған.

故 阙 特 勤 之 碑

1		罔	沙	為	疚	受	不	斯	賴	修	太	裔	彼	
2		保	塞	子	於	屠	然	豈	興	邊	宗	也	蒼	
3		延	之	愛	朕	耆	何	由	君	貢	之	首	者	故
4		长	國	再	心	之	以	曾	諱	爰	遂	自	天	阙
5		高	丁	感	且	寵	生	祖	闕	逮	荒	中	罔	特
6		碑	零	深	特	任	此	伊	特	朕	帝	國	不	勤
7		山	之	情	勤	以	賢	地	勤	躬	載	雄	覆	碑
8		立	鄉	是	可	親	也	米	骨	結	文	飛	壽	
9		垂	雄	用	汗	我	故	施	咄	為	教	北	天	
10	大	裕	武	故	之	有	能	匍	祿	父	施	荒	人	
11	唐	无	鬱	制	弟	唐	承	積	可	子	於	來	相	御
12	开	疆	起	作	也	也	順	厚	汗	使	八	朝	合	制
13	元		於	豐	可	我	友	德	之	寇	方	甘	寰	御
14	廿		爾	碑	汗	是	愛	於	次	虐	武	泉	寓	书
15	年		先	發	猶	用	輔	上	子	不	功	願	大	
16	岁		王	揮	朕	嘉	成	而	今	作	成	保	同	
17	次		爾	遐	之	爾	規	身	苾	弓	於	光	以	
18	壬		君	邇	子	誠	略	克	伽	矢	一	祿	其	
19	申		克	使	也	積	北	終	可	載	德	則	氣	
20	七		長	千	父	大	燮	之	汗	囊	彼	恩	隔	
21	月		載	古	子	開	眩	祖	之	爾	國	好	陰	
22	辛		赫	之	之	恩	霽	骨	令	無	變	之	陽	

23	丑		殊	下	義	信	之	咄	弟	我	故	深	是	
24	朔		方	休	既	而	境	祿	也	虞	相	舊	用	
25	七		爾	光	在	遙	西	頡	孝	我	革	矣	別	
26	日		道	日	攸	圖	鄰	斤	友	無	榮	泊	為	
27	丁		克	新	崇	不	處	行	聞	爾	號		君	
28	未		順	詞	兄	騫	月	深	於	詐	迭		長	
29	建		謀	日	弟	促	之	仁	遠	邊	稱	我	彼	
30			親		之	景	郊	於	方	鄙	終	高	君	
31			我		親	俄	尊	下	威	之	能	祖	長	
32			唐		得	盡	櫟	而	德	不	代	之	者	
33			孰		無	永	梨	子	懾	再	捧	肇	本	
34			謂		連	言	之	孫	於	侵	□	興	夏	
35			若		類	悼	皇	效	簇	擾	□	皇	後	
36			人		俱	惜	命	之	俗	之	□	業	之	
	14	13	12	11	10	9	8	7	6	5	4	3	2	1

Жазбаның жолма-жол аудармасы

I жол

(1.3-1.6): 故阙特勤之碑 (10)

Марқұм Күлтегін ескерткіші

(1.11–1.14): 御制御书

Патша ағзам жасатқан, жаздырған (11)

II жол

(2.1-2.8): 彼苍者天罔不覆寿

Көгілдір Тәңірдің құшағына алмайтыны жоқ.

(2.9-2.16): 天人相和寰寓大同

Тәңір (12) мен адам өзара тіл табысса ғана байтақ жерде ұлы бірлік (13) болады.

(2.17-2.22): 以其气隔阴阳阴阳

Олардың чи-і (күші, демі, құбылыстары) арқылы инь мен ян бөлінеді (14).

(2.23-2.28): 是用别为君长

Сол арқылы ерекше билеушілер мен қолбасылар шығады.

(2.29-2.33): 彼君长者本

Олардың ел басшылары тегінде

(2.34-2.36):

□□□(夏后之?)

(Сяхудың?) (15)

III жол

(3.1-3.2): 裔也 әулеті еді.

(3.3-3.10): 首自中国雄飞北荒

Алғашында Орталық мемлекеттен (Қытай топырағына – Чжунгодан) шығып, кейін Солтүстіктегі түз даланы (Бэйхуаңды) еркін жайлаған [16].

(3.11-3.18): 来朝甘泉愿保光禄

(Кейін) патша ағзамға амандаса Ганшуан (17) өңіріне келіп, Гуаңлу бекінісін (18) қорғап тұруды өтінді.

(3.19-3.26): 则恩好之深旧矣泊

Олар бұған әсерленіп алғыс айтты.

(3.27-3.28): □□

(Патшаға құрмет ретінде екі иероглифтік орынды бос қалдырған) (19)

* * *

(3.29-3.36): 我高祖之肇兴皇業

Біздің Гаузу патша (20) патшалық ісін енді бастап жатқандықтан,

IV жол

(4.1-4.5): 太宗之遂荒

Тайцзун (21) патшаның кезінде ғана қыр өлкесін тыныштандыру мүмкін болды.

(4.6-4.13): 帝载文教施于八方

Патша ағзамның кезінде қоғамдағы жақсы салт-дәстүрлер сегіз тарапқа (22) тарады.

(4.14-4.19): 武功成于一德

Қосындардың жеңісі өнегелі іске айналды.

(4.20-4.25): 彼国变故相革

Ал олардың мемлекетінде аласапыран жағдай туылып,

(4.26-4.29): 荣号迭称

бұрынғы ат-атағынан айырылды.

(4.30-4.32.): 终能代 Ақыры...ауысып, ...

(4.33-4.36): 捧□□□

... уыста(ды)...(?)

V жол

(5.1-5.5): 修边贡爱逮

Шекара істері реттеліп (тынышталып), арамызда тарту-таралғы болып тұрды.

(5.6-5.11): 朕躬结为父子

Мен өзім барып әке-баладай болып татуластық (23).

(5.12-5.14): 使寇虐

Бұлап-талау мен зорлық-зомбылық жойылса,

(5.15-5.18): 不作弓矢 садақ-жебені жасауды доғарып,

(5.19-5.20): 载囊 қаруды қоймаға қойсақ,

(5.21-5.24): 尔无我虞 сен мені алдамасаң,

(5.25-5.28): 我无尔诈 мен сені алдамасам,

(5.29-5.32): 边鄙之不 шекарада

(5.33-5.35): □(再?)□(侵?)□(扰?)

тағы да сұғанақтық болмаса (24),

(5.36) 之

онда

VI жол

(6.1–6.2): 賴欤 жаман ба(25)!

(6.3–6.15): 君讳阙特勤骨咄祿可汗之次子

Марқұм Күлтегін (сен) Құтлық қағанның екінші ұлы (едің),

(6.16–6.24): 今必伽可汗之令弟也

осы күнгі Білге қағанның жақсы көретін інісі (едің).

(6.25–6.30): 孝友闻于远方

Әке-шешеге, досқа қайырымдылығың алыс жаққа тараған еді,

(6.31): 威 айбатың ...

(6.32–6.35): □(德) □(悞) □(于) □(簇)

(ақылың жалпақ жұртты бағындырды)(26)

(6.36): 俗

Тегінде,

VII жол

(7.1–15): 斯豈由曾祖伊地米施匍积厚德于上

бұл ұлы аталарың Иетміш (27) бектің бойына мықтап дарыған,

(7.16–7.20): 而身克终之 өмірінің соңына дейін апарған,

(7.21–7.31): 祖骨咄祿颉斤行深仁于下

Құтлық тегін (28) бұлжытпай сақтаған игі қасиеттер болатын.

(7.32–7.33): 而子

Ал (олардың) ұлдары мен немересі (ұрпағы)

(7.34–7.35): □(孙?) □(效?) (29)

(7.36): 之

бұларды жалғастырды.

VIII жол

(8.1–8.8): 不然何以生此贤也

Әйтпегенде, мұндай дана ұрпақ қайдан болсын.

(8.9–8.14): 故能承顺友爱

Сол себепті бұрыннан бар достықты өзің жалғастырып,

(8.15–8.18): 辅成规略

заң-ережелер мен жоба-жоспарлар ретінде жүйелеп,

(8.19–8.24): 北燹眩震之境

солтүстікте суанлэйге (30) дейін тыныштық орнатып,

(8.25–8.30): 西邻处月之郊

батыста чуюэлермен (31) көршілесіп,

(8.31–34): 尊櫟梨之

Тәңір (ағашын, мықан ағашын?) (32) сыйладың.

(8.34–8.36): 之□(皇?)□(命?)

Патша жарлығымен (33)

IX жол

(9.1–9.6): 受屠耆之宠任

тучи (34) деген даңқты атқа ие болдың.

(9.7–9.12): 以亲我有唐也

Көп ретте біздің Таң патшалығымен тату өттің.

(9.13–9.23): 我用是嘉尔诚积大开恩信

Сенің адалдығың мен тындырған істеріңді мадақтап риза болдым, сендім.

(9.24–9.28): 而遥图不蹇

Көреген, кемел мұраттарың өзгермегенімен,

(9.29–9.32): 促竟俄尽

өміріңнің қас қағымдай ғана болғаны

(9.33–9.35): 永言悼

(мені) мәңгі қайғыртады.

(9.36): □(惜?)(өкіндіреді?) (35)

X жол

(10.1–10.4) 疚于朕心

Жанымды жаралайды.

(10.5–10.12): 且特勤可汗之弟也

Оны былай қойғанда, Күлтегін, сен қағанның інісі едің.

(10.13–10.19): 可汗犹朕之子也

Ал қағанның өзі менің туған ұлымдай болып кетті.

(10.20–10.27): 父子之义既在攸崇

Әке-балалық көңіліміз ізетке құрылған еді,

(10.28–10.36): 兄弟之亲得无连类俱

аға-бауырлық туысқандықтың да өз ішкі بازیнасы бар еді.

XI жол

(11.1–11.8): 为子爱再感深情是

Сол әкелік махабаттың тағы бір терең көрінісі ретінде

(11.9–11.18): 用故制作丰碑发挥遐迩

қайтыс болуыңа орай, тамаша тас ескерткіш жаздырып, алыс-жақынға дабыра қылдырдым (36).

(11.19–11.29): 使千古之下休光日新词曰

Мың көнелікте (37) (ұлы ұстын) күн сайын нұрланып, сөздері жаңарып, жарқырап тұрсын (38).

XII жол

(Өлең)

(12.1–12.8): 沙塞之国丁零之乡

Құмды аңғар мемлекеті динлиндердің (39) мекені,

(12.9–12.16): 雄武郁起于尔先王

Сенің ата-бабаң сол жерде елді уайымға салып айбатпен көтерілген.

(12.17–12.24): 尔君克长载赫殊方

Сендердің патшаларың мен бектерінің атағы жан-жаққа жайылған ,

(12.25–12.32): 尔道克顺谟亲我唐

Ата салтты жалғастырып, біздің Таңмен етене болдың.

(12.33–12.34): 孰谓Кім айтар еді,

(12.35–12.36): □(若?) □(人?)
(осындай адам) (40),

XIII жол

(13.1–13.4): 罔保延长

өз өмірінің жалғасын ұзақ сақтамас деп.

(13.5–13.12): 高碑山立垂裕无疆

Таудағы биік киелі ескерткіш мәңгі сені еске салып, көп істерден дерек беріп тұрсын.

XIV жол

(14.10–14.29): 大唐开元廿年岁次壬申七月辛丑朔七日丁未建

Ұлы Таң патшалығының Кайюань жылнамасының 20-шы мешін шілденің 7-жұлдызы тұрғызылды (жаңаша 01.08.732)

Қытайша мәтіндегі атаулар мен ұғымдарға талдау

Төменде келтірілген түсініктемелер тек Г. Габеленц, Г. Шлегель және В. Васильев аударған нұсқалар мен өз аударамыз арасындағы айырым тұстарға, кейбір ерекше ұғымдарға арналған:

(10). Күлтегін ескерткішін ең алғаш көзімен көріп, оқып, өзінің «双溪醉隐集» (Шуансидің толғаулар топтамасы) атты жинағында атап өткен Юань дәуірінің атақты ақыны, саяхатшы Иелучжу. Ол Күлтегін және Білге қаған ескерткіштеріндегі қытайша мәтіндерді айта келіп, ескерткіштің маңдайшасына жазылған “特勤” сөзі “殷勤” (ықыласты) дегендегі “勤”, Таң дәуірінің көне, жаңа тарихының бәрінде “特勤” (teqin) сөзін “衙勒” дегендегі “勒” арқылы жазады. Бұл дұрыс емес. “勤”(qin)-ді жазғанда осы ескерткіштегі бойынша жазу керек,-дейді (Линь Гань, 1987: 589).

(11). (1.11–1.14): 御 制 御 书: Бұл сөйлем Күлтегін тасының өзінде бар. Бірақ, Г. Габеленц, Г. Шлегель нұсқаларында ол қытайша мәтінге кіргізілмеген және аударылмаған. Ал В. Васильев нұсқасында керісінше. Онда “аса ірі туынды және жазба” (высочайше сочиненный и написанный) деп қате аударылған. 御 иероглифінің көне қытай тілінде екі мағынасы бар: 1. Тосу, шектеу, қарсы тұру; 2. патшаға байланысты істерге, заттарға қолданылады. Соған сәйкес, осы аудармада екінші мағынасы алынды. Ол сөз алдында сөз тудырушы қосымша ретінде өзінен кейінгі жасату(制), жаздыру(书) етістіктерімен екі рет байланысып келген. Сөйтіп, ол «патша ағзам жасатқан және жаздырған» деген сөйлем болып шығады. Өйткені бұл қытайша мәтін 732 жылы жазда Қытай императоры Тан Суанцзун тарапынан Күлтегіннің қайтыс болуына қазанама ретінде арнайы жазылып, қытай шеберінің қолымен тасқа қашалған.

(12). 天 (2.9): Көне Қытай тілінде “тянь”–天 (tian) сөзінің үш мағынасы бар: 1. Аспан; 2. Күллі табиғат дүниесі; 3. Тәңір. Соңғы мағынасы алынды. Осы мағынаға сәйкес “Тәңірдің еркі” (天意), “Тәңірдің жәрдемі” (天助) деген сөздер кездеседі. Ал ертедегі кітаптарда “Тяньтан” (Жұмақ–天堂), “Тяньго” (Аспан елі–天国) деген сөздер де кездеседі.

(13). 天人相和寰宇大同 (2.15–2.16): 大同 сөзі Г. Габеленц нұсқасында “бір бейнеде”, Г. Шлегель нұсқасында “біркелкі”, В. Васильев нұсқасында “бүтіндей ортақ” деп аударылған. Біздіңше, бұл “Ұлы бірлік” болып аударылуға тиіс. Ол конфуциандық философиядағы армандағыдай қоғам. Қытайдың Чжаньго және Хань дәуіріндегі конфуцианшылдар тарапынан жазылған «禮記.禮運» (Салт-дәстүр естеліктері) атты

кітапта: 大道之行也, 天下為公, 是謂大同 (Аспан астында жалпы әлеуметтің қамын жеу – әр пенденің ұлы жолы, ұлы бірлік дегеніміз сол) деген сөйлемдер кездеседі.

(14). 以其气隔阴阳 (2.17–2.22): – Олардың чи-і (күші, демі, құблыстары) арқылы инь мен ян бөлінеді: Бұл жерде сөз болып отырған «Инь» және «Ян» Г.Габеленц, Г.Шлегель және В. Васильев нұсқаларының қай-қайсысында да иероглифтің буындық дыбысталуы бойынша жазылған. Көне Қытай түсінігінде Инь (阴) мен Ян (阳) философиялық категориялық ұғым. Ол күллі дүниедегі заттардың қарама-қарсы екі жағын білдіреді.

(15). □□(夏后之?Сяхудың?) (2.34–2.36): Бұл жерде өшіп қалған үш иероглиф 夏後-болуы мүмкін. Өйткені Қытай тарихшылары солтүстіктегі көшпелі халықтардың көбін сяхудың әулеті деп есептейді. Ол қатарда хуннулар да бар. Сы Мацянь жазған “Шицзидің” 110 бумасында (史記–百–十卷. 匈奴傳): “хуннулардың арғы тегі сяхудың Цзунвэй (淳維) деп аталатын әулетінен” делінеді. Оның үстіне, “Сүй кітабы. Телилер баянында” (隋書. 铁勒傳): 铁勒之先, 匈奴之苗也, яғни, “телилердің арғы атасы хуннулар” делінеді. Телилердің түріктердің белді тайпалар одағы екенін ескерсек, император Тан Суанцзунның оларды Сяхудың әулеті деуі тегін емес. Тағы бір назар аударарлық жағдай – Қытай тарихында Ся екеу: оның бірі –Қытай тарихындағы бірінші патшалық Ся-ның негізін салған сяху (夏后) тайпасы. Енді бірі – Қытай тарихында V ғасырда өткен 16 патшалықтың бірі – Ся. Оны 407 ж. хунну тәңірқұты Хэлянбобо қазіргі Ордоста құрған. Сондықтан, өшіп қалған үш иероглифті (2.34-2.36) 夏後之 “сяхудың” деп алу орынды болмақ.

(16). 首自中国雄飞北荒(3.3–3.10): – Алғашында Орталық мемлекеттен (Қытай топырағынан – Чжунгодан) шығып, кейін Солтүстіктегі түз даланы (Бэйхуаңды) еркін жайлаған: Солтүстіктегі түз дала (北荒 немесе 北大荒) Қытайдың солтүстігі мен солтүстік шығыс бөлігіндегі жазық дала. Бұл жерде «Орталық мемлекеттен шығып» деген сөздің астарында түріктердің ата-бабасы хұндар (匈奴) меңзеліп отыр.

(17). 来朝甘泉(3.11–3.14): – (Кейін) патша ағзамға амандаса Ганчуан өңіріне келіп: Ганчуан өңірі (甘泉) қазіргі Шань-си өлкесіне қарасты таудың аты. Тегінде осы таудың бауырында салынған хан ордасы болған. Көне Қытайда астанадан басқа жерлерде де патша сарайлары болған. Бұл жер Цинь хандығы кезінде Лингуаң сарайы деп аталған. Хан Уди патша кезінде кеңейтіп құрылып, патшаның жазда ыстықтан қашып барып дем алатын, әрі шетелдік қонақтарды қабылдайтын жері болған.

(18). 来朝甘泉愿保光禄(3.15–3.18): – Гуаңлу бекінісін қорғап тұруды өтінді: Гуаңлу (光禄) бекінісі Батыс Хан хандығы кезінде 102 ж. ғұндардан сақтану үшін салынған бекініс. Орны Ішкі Моңғолиядағы Иньшань тауының солтүстік қапталындағы Ұлаты өңірінде. Ол туралы «хан кітабында» былай делінеді: «Тәңірқұт сияпат сарайында айдан астам тұрды. Кейін хан патшалығы оны адам қосып еліне жеткізіп салды. Тәңірқұт кетерінде Гуанлу қамалында тұрайын, шұғыл жағдай туса, тізе бүккендер қабылданатын қаланы қорғайын деп тілек айтты»[漢書. 卷九十四]. Бұл арада осы оқиға меңзеліп отырса керек.

(19). □□(3.27–3.28): Бұл арада екі иероглиф әдейі патшаның құрметі үшін жазылмаған.

(20). 我高祖之肇兴皇業 (3.29–3.36): – Біздің Гаузу патша патшалық ісін енді бастап жатқандықтан: Таң Гауцзу патша (唐高祖618–626 жж. тақта отырған.) Таң әулетінің (618–907 ж.) бірінші патшасы. Бұл сөйлемнің мағынасы Таң патшалығы алғаш құрылған кезде негізінен түріктердің көмегіне сүйенген болатын. Таң Гаоцзу билік басында болған кезде түріктердің шапқыншылығы күшейе түседі. Бірақ Таң Гаоцзу түріктермен арадағы бұрынғы одақтастықты ескеріп, оларға белсенді қарсы тұрмайды. Осы жағдайды пайдаланған түріктер Чананға дейін басып кіріп, Таң мемлекетінің байлығын талан-таражға салады әрі біраз халықты құл есебінде солтүстікке алып кетеді. Сондықтан

мәселенің мәнісі патшаның мемлекет ісімен болып, қолының тимеуінде емес, түріктерге қарсы тұруда тым белсенділік таныта алмауында еді. Сонымен қабат, бұл кезде Таң мемлекетінің түріктерге қарсы пәрменді соққы беретіндей күш-қуаты да жоқ болатын. Демек, мәтінде осы жайларды жай ғана патшаның әбігерлігіне аударып, нақтылы тарихи жағдайды сыпайылап бүгіп қалған. Демек, осы сөздің өзінен де Таң әулетінің бірінші патшасы Таң Гаоцзудың түріктерге тиімді қарсы тұра алмағандығы көрініп тұр.

(21). Тайцзун патша (唐太宗) Таң әулетінің екінші патшасы, Таң Гаоцзудың ұлы. 626–649 жж. тақта отырған. Оған қатысты мәтінде (4.1-4.5): 太宗之遂荒: «Тайцзун патшаның кезінде ғана қыр өлкесін тыныштандыру мүмкін болды» делінеді. Себебі, 629 жылы Таң ордасы генерал Ли Цзинді бас қолбасшы етіп, алты бағытпен Шығыс Түрік қағанатына қарсы әскер аттандырды. Ілік қаған жеңіліп, қолға түсті. Нәтижесінде 630 жылы Шығыс Түрік қағанаты құлап, оның халқы Таң империясына бодан болды (СТШ, 215). Жоғарыдағы сөйлем, Түркі қағанаты мен Таң патшалығының тарихындағы ең бір бұрылыс кезеңге негіз болған осынау айтулы оқиғаларды меңзеп тұр.

(22). 八方(4.12–4.13): Сегіз тарап – Қытай тілінің тарихи лексикасында қалыптасқан шығыс, батыс, оңтүстік, солтүстік – төрт тарап (方fang) пен шығыс-түстік, шығыс-терістік, батыс-түстік, батыс-терістік – осы төрт бұрыштың (隅yu) жалпы атауы. “Шицзи. Цы Мацянь дерегінде” (史记. 司马迁列传) дәл осындай “алты бірліктің ішінде, сегіз тараптың сыртында” (六合之内, 八方之外) деген сөз кездеседі.

(23). 朕躬结为父子(5.6–5.11): Ең алдында қатар тұрған екі иероглиф 朕躬 “мен өзім” деген мағынаны меңзейді. Мұндай жағдайда бұл реткі татулықтың бастамашысы патшаның өзі екені көрініп тұр. Яғни, осы сөйлемді (5.6–5.11) “мен өзім бастамашы болып (朕躬) әке-баладай (父子) болып татуластық (结为)” деп аудару қисынға келеді.

В. Васильев нұсқасында осы арасын “маған келгендермен мен әкелік (және бала арасындағы) байланыс жасадым” деп аударған. В. Васильевтің “маған келгендермен” деген тіркесті қайдан алып тұрғаны белгісіз. Ал, Г. Шлегель нұсқасында “біз сізбен әке-баладай байланыста едік” деп алған. Г. Габеленцте “Да, даже я лично был связан с ними, как отец с сыном” деп аударған. Бұған қарағанда бұл бұрыннан бар, мүлде өзгермеген қатынас секілді көрінеді. Мұнда Таң мен Түркі қағанаты арасындағы қатынастың тым құбылмалы болғаны теріске шығып тұр. Сондықтан, бұл сөйлемді тағы да бұрынғы (жай) өткен шақ түрінде емес, жедел өткен шақ түрінде аудару орынды болмақ.

(24). □(再?)□(侵?)□(扰?) (5.33–5.35): – тағы да сұғанақтық болмаса: Бұл арада үш иероглиф өшіп кеткен. Сөз ыңғайына қарай және басқа нұсқаға сәйкес, төмендегідей мазмұндық топшылау жасалды: Тағы да □(再?) сұғанақтық болмаса (дестік) □(侵?) □(扰?). Г. Шлегель нұсқасында берілген осы үш иероглиф басқа мәтіндерде кездеспейді. Мысалы: В. Васильевте жазылмаған әрі мәтінде де жоқ. 1892 жылы жарық көрген О. Гейкельдің атласындағы қытайша мәтінде де (Heikel, 1892: 38) осы үш иероглифтің орны бос тұр. Ал, В. Васильевте “онымен қатар шекарада қақтығыс болмады” деп аударылған. Бұл өткен шақ болғанымен, біз қатыстырып отырған иероглифтердің мағынасына жақындайды. Соған қарағанда В. Васильев Г. Шлегель нұсқасынан бұл иероглифтерді оқыған. Бірақ оның бұларды неліктен өзі құрастырған мәтінге кіргізбегені таң қалдырады.

(25). (5.36)之/(6.1–6.2): 頼欤: Мұнда 頼 жаман, сұрқия, пасық жиіркенішті деген ұғымдарды, ал 欤 сұрау қосымшасы мағынасын білдіреді. Бұл өзінен бұрынғы 之-тәуелдігімен сабақтасып келіп, “жаман ба” (頼欤) деген мағынаны беріп тұр.

(26). В.Васильевте төрт иероглиф өшіп қалған – □□□□ (6.32–6.35): Г. Габеленц және Г.Шлегель нұсқаларында ол аударылған және Г.Шлегельдің келтірген мәтінінде бұл төрт иероглиф мынадай тәртіппен □(德?) □(懷?) □(于?) □(簇?) орналастырылған. А. Гейкельде ол сәл басқашалау. Яғни, соңғы 簇-ні 象, 殊, 域 иероглифтеріне балап, сұрақ белгісін қойған. Біз Г. Габеленц нұсқасындағы мәтінді негізге алдық (“ақылың жалпақ жұртты бағындырды” деп аудардық).

(27). Бұл ұлы аталарың Иетміш 斯豈由曾祖伊地米施 (7.1–7.9): Иетміш (Етміш) – мәтінде Күлтегін, Білге қағандардың арғы атасы ретінде айтылып тұр. СТШ мен ЦТШ-да Күлтегін мен Білге қағанның әкесі Құтлық (Елтеріс) қаған жөнінде ғана болмашы мәлімет береді. Одан арғы тегін қазбалап айтпайды. Ол бойынша Құтлық (Елтеріс) – 630 жылы Таң әулетіне қолға түскен Шығыс Түрік қағаны Іліктің руласы. Атасынан бері тұдындық (吐屯) мансапта болып келген. Әулет есімі – Ашына (СТШ, 215); (ЦТШ, 194). Соған қарағанда Иетміш (Етміш) бек те кейін келе Таң ордасының Тәңірқұт басқақтығына қараған Юньчжун аймағында тұтын дәрежелі мәнсапты болғанға ұқсайды.

(28). 祖骨咄祿額斤行深仁于下 (7.21–7.31): – Арғы атасы Құтлық тегін бұлжытпай сақтаған игі қасиеттер болатын: Құтлық Еркін (骨咄祿額斤), Қытай тарихында Гүдулу (骨咄祿? – 691) деп жазылған. Ол жоғарыда (7.1–7.9) айтылған Шығыс Түрік қағанатының қағаны Құтлық (Елтеріс), Таң хандығына қолға түскен Шығыс Түрік қағаны Іліктің руласы. Әулет есімі – Ашына. Юньчжун тұтығы Шал батырдың (舍利元英) ұлысына тайпабасы (部酋), атасынан бері тұдындық (吐屯) мансапта болып келген. Өз елінде әскер басы болған. СТШ мен ЦТШ-дегі деректерге сүйенсек, ол мұрагерлік жолмен тұдын шор болғаннан кейін, бытырап кеткен елінен бес мыңнан астам адамды төңірегіне топтап, Шұғай тауын бекініп «қарақшылық» істейді. Тоғыз тайпалы телелердің қой, жылқыларын тонап, бірте-бірте күшейген соң, өзін қаған, інілері Бөгчорды шад, Доши бекті (咄悉匐) ябғұ көтереді (ЦТШ, 194). Таң әулетінің Гау Цзун, Чжун Цзун (中宗) патшаларының кезінде ол Қытайдың Бин (并), Лань (嵐), Гуй (婁) тектес аймақтарына шабуылдап тұрған. Ол Екінші Түркі қағанатын қайта құрушы, түрік халқының тәуелсіздікке жетуі жолындағы табанды күрескері. Ол бұл жолда Таң ордасының кәнігі алдап-арбауына түспеді. Серіктерін сатпады. Түрік халқының неліктен Таң қол астына бодан болған себептерін қорытындылай келе, мемлекетті қайта құрып, оны баянды ету үшін, түркі халқының ішкі бірлігі, соның ішінде ең әуелі Ашына әулетінен тараған ақсүйектердің, ел тізгінін ұстаған қаған, еркін, тегін, ябғұлар мен бектердің, бұйрықтардың, шорлар мен тұдындардың береке-бірлікте болуын дәріптеді. Бұл арда Таң императоры оның алған бетінен қайтпайтын табанды күрескерлігіне, кісілігіне, сертке беріктігіне еріксіз тәнті болғаны көрініп тұр. Сондықтан, Күлтегіннің кісілігін айта келіп, бұл «Құтлық тегін бұлжытпай сақтаған игі қасиеттер болатын» – 祖骨咄祿額斤行深仁于下 (7.21–7.31) дейді.

(29). В. Васильевте □□ (7.34–7.35) Екі иероглиф өшіп қалған. Г. Габеленц, Г. Шлегельде ол аударылған және қытай мәтінінде □(孙?) □(效?) деп берілген. Біз оны өзінен бұрын тұрған иероглифтің мағынасына байланыстыра отырып, “ұлдары мен немересі (ұрпағы) бұларды жалғастырды” деп алдық (Г. Шлегельде “Баласы еліктеді” деп аударған).

(30). 北燮眩雷之境 (8.19–8.24): - солтүстікте суанлэйге дейін тыныштық орнатып: XIII СЧ-де («Хан кітабы, ғұндар баянында») Суанлэйді үйсіннің солтүстігіндегі ежелгі қорған дейді (眩雷塞). XIII ДЧ-де («Хан кітабы, жағрапия баянында») бұл жерді Хэси аймағындағы Цзынсянь ауданы (бұл қазіргі Ішкі Монғолияның Дуншэн қаласының солтүстік-батысындағы Чэнлян (城梁) көне қала жұрты) дейді. Аталмыш деректегі

«батысқа қарай жүріп Суанлей қамалынан шығатын бір жол бар» деген жолдар осы жерді меңзейді. Үйсіндер Хэси коридорында жүрген кезіндегі жер. Бұл бекініс кейбір аударма әдебиеттерде Ғүнрей деп аударылып жүр (ЧТҚҚД, 2003: 867).

(31). Чуюэ немесе чоңұт (处月) – ертедегі тайпа. Түріктердің ішіндегі ең азулысы. Олар «Алтын құм асуының» күнгей мен теріскейін – қазіргі Жемсары өңірін мекендеген. Алтынқұм асуы көне қытай тіліндегі тура мағынасы. Ол Цзиньшалин (金沙岭) деп аталатын (ЧШ, 27). Қытайша тағы бір түрлі жазбасында оны Цзиньсуолин (金娑岭) деп те атайды (元和郡县志, 卷四十, 西州条). Бұл тау Боғда тауының бір тармағы болған. Яғни Тянь-шань тауының бір саласы. Жапон ғалымы Мацуда Хисаудың жазуынша, ол «Жуантерек басы Ола» деп те аталған (Хисау, 1987: 377). Ұйғырлар күні бүгінге дейін «Иұлғұн тирек дауаны» дейді. Бұл жергілікті түркі тілі екені шүбәсіз. Яғни «Жуантерек сайының басындағы шың» деген сөз. Өйткені түріктер ертеде оның қасындағы Боғда тауын да «Боғда Ола» деп атаған. Мағынасы «Тәңір шыңы». Мәтінде Күлтегіннің осы чоңұттар мекендеген жерлерге дейін құдіреті жеткені айтылып тұр.

(32). (8.31–33) 尊櫟梨 Тәңір ағашын (Мықан ағашын) сыйладың, 棠梨 – А. Гейкельдің алғаш Қытайда көшірткен нұсқасында пекиндік қыл қалам шебері оны тура осы бетінде жазған. В. Васильев нұсқасында 棠-ның орынына 櫟иероглифі қолданылса, Г. Шлегель нұсқасында 棠-ның алдына “𠂔” жақтауын қойған. Соңғысы ескерткіш тастың өзінен де анық байқалып тұр. Бірақ, мұндай иероглиф қытайдың көне немесе жаңа тілінде кездеспейді. XIII-да (汉书): 匈奴謂天为撑梨 (хұндар аспанды Тәңір деп атайды) деген тіркес кездеседі (Chlegel, 1892: 33-35). Бұған да тоқтауға болады.

Дегенмен, таста қолданылған екі иероглифтің екеуі де 撑梨 емес, 撑(?)梨. Оның үстіне 撑 иероглифі бүгінде撑-нің қысқартылған түрі. Ерте кезде оның қысқарған түрімен жазды деген ақылға сыймайды. “𠂔” –ның артқы бөлігі 棠 екені шүбәсіз. Егер, 撑梨-ді “тәңір” деген сөздің қытайша баламасы деген күнде де оған ағашты білдіретін мағына сіңдірілген. Өйткені иероглифтің өзі ағашқа байланысты. Тәңір сөзінің дыбыстық аудармасында, қалайда, сөз басындағы инциал “Т” болып келуі керек еді. Ал 撑 иероглифі chēng болып оқылады. Тағы да ағашты білдіретін 棠, 櫟 (táng) иероглифтері “тәңір” сөзіне дыбыстық жақтан өте жақын болып келеді. Сөйтіп, біз бұл ағашты таза алмұрт ағашы деуден гөрі “Тәңір ағашы” деп алуды құп көрдік. “Қозы Көрпеш - Баян сұлу” жырында аталмыш тәңір ағашын “мықан ағашы” деп атаған. Бұл байырғы түркі түсінігіндегі киелі ағаш. Ертеде халық арасында Жер мен Көктің арасын жалғастырушы құдіретті күш осы ағашқа қонақтаған деген түсінік болған (Сартқожаұлы, 2020: 300-301). Моңғол жеріндегі Білге Қаған кешенін қазған кезде қаған барқының (храмының) артындағы шарбақтастың дәл ортасынан тік қадалған ағаш табылды. Дәл осындай аналогтар Тоң-ұқұқ, Цаған-дова (Монғолия) ескерткіштерінен және Сібірден көп кездеседі. Сонымен қатар, қыпшақ тайпасы ағаштан туылды дейтін аңыз Рашид-ад-динде, “Оғызнамада” сақталған (Сартқожаұлы, 2020: 301).

(33). 之(皇?)(命?) (8.34–8.36): В. Васильев, Г. Габеленц нұсқаларында аударылмаған әрі В. Васильевте бұл екі иероглиф жазылмаған. А. Гейкельдің пекиндік хаткерге жаздырған нұсқасында ол екеуінің орнын 遺, 澤 иероглифтерімен толықтырған және сұрақ белгісін қойған. Бірақ, Г. Шлегель нұсқасында бұл екі иероглиф 皇命 болып жазылған. Біз осы Г. Шлегель нұсқасына негіздеп аудардық. Бұл екі иероглиф өзінен бұрынғы 之 (8.34) иероглифімен қосылып келгенде “патшаның әмірімен” деген сөз болады. Сондықтан бұл тіркес (9.1–9.6) –ке жақша арқылы 之(皇命) 受屠耆之宠任, яғни, “(патшаның әмірімен) тучи деген даңқты атқа ие болдың” деп тіркестірілді.

(34). Тучи (дөкей хан–屠耆): ертеде ғұндардың мәнсап аты болған. Тучи ван – ол кезде тәңірқұт қол астындағы ең жоғарғы атақ еді. Ол атақтан жоғары тек Тәңірқұт қана тұрған. «Тучи» сөзі көне хунну тілінде “парасатты” (賢 сянь) деген мағынаны білдірген (Цыхай, 1979: 1075). Бұл атау соған қарағанда Түркі дәуіріне дейін жалғасып келгенге ұқсайды. Табғаштар сол себепті оң және сол қол тучилерді оң, сол сянь уаң (贤王) деп атаған.

(35). □(惜?) (9.36): В. Васильевте бір иероглиф өшіп қалған. Бұл Г. Габеленц, Г. Шлегель нұсқаларында бар. А. Гейкель жаздырған нұсқада да солай. Мәтін ыңғайына сай ол таңба “өкіндіреді” (惜?) деген мағана береді.

(36). В. Васильевте бір иероглиф (述) өшіп қалған (11.18). А. Гейкельде ол 域, 誠 деген екі иероглифтің кез-келгеніне жорылған және сұрақ белгісі қойылған. Г. Габеленц, Г. Шлегель нұсқаларында бар (述). Жазбаға осы иероглиф алынды. Әрі мәтін ыңғайына сай “жақын” болып аударылды.

(37). 千古 (11.20–11.21): Мың көнелікте: Мың көнелік (千古). Г. Габеленц, Г. Шлегель, В. Васильев нұсқаларында “мыңдаған жылдар”, “мәңгілік” деген тіркестермен аударылған. Қытай тілінің дәстүрінде тура мағынасындағы “мың көнелік” (千古) сөзі болашақты білдіретін “мәңгілік”, «ұзақ замандар бойы» (久远) деген ұғымды білдіреді (Цыхай, 1979: 118). Алғаш «Таң кітабында» кездеседі. Өлгендерді еске алу үшін қолданылады. «Мың көнелік» уақыт ізінде талай нәрсенің ескіріп тозуы, құрып кетуі. Бұл жерде айтпағы соған пара-пар уақыт. Осы сөзді өзінен кейінгі тіркеспен жалғау арқылы айтар ойының, тілегінің мағынасын күшейткісі келеді.

(38). 休光日新词曰 (11.23–11.29): (ұлы ұстын) күн сайын нұрланып, сөздері жаңарып, жарқырап тұрсын. Қытай императоры осы арқылы жазылған мәтіннің мәңгілікке «мың көнелікке» дейін көнермей кейінгілерге жетуін тілейді.

(39). 沙塞之国丁零之乡 (12.1–12.8): – Құмды аңғар мемлекеті динлиндердің мекені: Бұлай болатыны динлиндердің (деңлең) мекені ежелден Ұлы шөлдің солтүстігі мен оңтүстігі болып келген. Олар мекенденген жердің бір шеті Байқалдан бастап, енді бір шеті Орталық Азияның біраз жерлеріне дейін жетті. Ван Живэйдің зерттеуінше динлиндер құмдықтың солтүстігінде және бүгінгі Сібір мен Синьцзянның солтүстігінде, Орталық Азияда өмір сүрген (Ван Живэй 王日蔚, 1936: 56). Ал олардың шығу тегіне келсек, қытай жазбаларындағы динлин (丁零, 丁令), дили (狄历), чэлэ (敕勒), тиелэ (铁勒) дегендердің бәрі түрліше дәуірде олардың түрліше аталуы. III ғасырда олар биік арбалылар немесе гаочэ (高车) деп аталған (Қайыркен. 2022: 155). Қытай деректерінде оларды ғұндардан тараған дейді (汉书. 丁零卷).

(40). (12.35–12.36): □□... ..Екі иероглиф өшкен. Сөз ыңғайына сай “осындай адам” (若人) деп алынды. Өйткені бұл екі иероглиф В. Васильев аудармасында жоқ болғанымен, Г. Шлегельде және А. Гейкельдің атласында бар.

Зерттеу нәтижелері

Бұл еңбекте:

1) Орталық Моңғолиядағы Күлтегін кешеніндегі қытай жазбасы зерттеліп, жүйеленіп, оған ғылыми сараптама жасалды;

2) Көне қытай деректері мен бүгінге дейін жарыққа шыққан зерттеулерге сай, аталмыш ескерткіштегі әрбір жазбаның пайда болу негіздері талданды;

3) Эрозияға ұшыраған, өшіп кеткен кейбір мазмұндар жөнінде бұрын-соңды зерттеген ғалымдардың ұсынған нұсқалары мен сараптауларына сүйене отырып, жеке ғылыми ізденістер нәтижесінде олардың жаңартылған нұсқасы және ғылыми аудармасы жасалды;

4) Аталған жазбаны аша түсетін Түркі қағанаты мен Қытайдың Суй, Таң әулеті арасындағы түрлі сипаттағы байланыстарға себепші болған жағдайлар зерттелді;

5) Күлтегін ескерткішіндегі екі тілдегі жазбаның арасындағы жіті байланыс, олардың сипаты, көзқарас-пайымы нақтыланды;

6) Жазбада кездесетін атау-терминдер, топонимдер, адам және оқиғалар, тарихи-философиялық ұғымдар қолда бар тарихи деректерге сай жеке-жеке түсіндірілді;

7) Бұрын суретке алынған түрлі нұсқалар мен тастағы жазбаны қайта бастан салыстыру арқылы мәтіннің біршама толық нұсқасы (жаңғыртпасы) жасалды;

9) Түркі қағанатының қазақ мемлекеттігі тарихының бастау көздерінің бірі екендігі, соған байланысты Қытаймен арада ежелден қалыптасқан дипломатиялық қарым-қатынастың өзіндік дәстүрі мен қыр-сырын айқындауға талпыныс жасалды.

Қорытынды

Күлтегін ескерткішіндегі қытайша жазба кейбір батыс ғалымдары тарапынан аударылды деген күннің өзінде де, қателіктен, ойжота пікірлерден кенде емес. Оның үстіне, олар ескерткіш орнатылған тарихи дәуірге, ескерткіштің нақты қандай себептерге байланысты орнатылғанына, онда өз заманының қандай өзекті мәселелері тілге тиек етілгеніне жіті көңіл бөлмеген. Одан да маңыздысы – бұл жазбалардың сол кездегі Орталық және Солтүстік Азиядағы халықаралық қатынас тарихын айғақтайтын тарихи құжат ретінде қарастырылмағандығы. Бұл құжаттарды тереңдей зерттеу сол кездегі халықаралық қатынастың алуан қырларын ашуға көмектеседі. Бұл қатынастар саяси, экономикалық және рухани саланы қамтыған. Бір мезгіл түркі және қытай тілдері осы аймақтағы халықаралық қатынас тілі болған. Түріктер мен Таң мемлекеті бір-бірінің ел басқару саясатын, соғыс өнерін және тілін барынша терең зерттеген. Аталмыш зерттеудің теориялық және ғылыми-сараптамалық тұжырымы мына түйіндерден тұрады:

1. Көне түркі қағанаты – бүгінгі Қазақстанды қамтыған байырғы Қазақ даласында құрылған ежелгі мемлекет. Көне түркі ескерткіштеріндегі қытай жазбалары да қазақ елінің ерте, ортағасырлар кезеңіндегі Қытаймен болған дипломатиялық қарым-қатынасын айғақтайтын ресми құжаттардың бастауы болып табылады.

2. Көне түркі қағанаты мен Қытайлық Суй, Таң әулеттері арасындағы қарым-қатынас бүгінгідей кемелді, жалпыға бірдей қатаң принциптер мен нормаларға құрылмағанымен, оның бастапқы алғышарттарын әзірлеген еді. Мысалы, өзара шапқыншылық жасаспау, бір-бірінің иелік құқына құрметпен қарау т.б. Бірақ мұның өзі де жағдайдың өзгеруіне байланысты уақытша болған құбылыс еді. Мұндай сыйласымдылық көбінде екі мемлекеттің күші тепе-тең болған жағдайда ғана жүзеге асты. Керісінше жағдайда көбінесе бір-біріне шапқыншылық жасалатын. Қытай тарабы әлсіресе – түріктер, түріктер әлсіресе – қытайлар тап беретін. Және олар қашан да қарсы жағының әлсіреуіне мүдделі болатын. Бұндай мүдделілік бүгінгі халықаралық қатынас тәжірибесінде де жоқ деп айта алмаймыз. Ескерткіштегі жазбалар дәл осы ақиқатты терең сезінуге көмектеседі.

3. Көне түркі ескерткіштеріндегі қытай жазбалары (соның ішінде Күлтегін ескерткішіндегі қытайша мәтін) тұтастай қытайлық авторлардың туындысы болғандықтан, онда қытайлық дәстүрлі дүниетаным мен ұлттық сана, мемлекеттік идеология көрініс тауып отырады. Таң Суанцзун жаңадан тәуелсіздік алған Түркі қағанатының даңқына бас ие тұрып, Күлтегінді де «балам» дейді. Бұл да өзін және Таң әулетін асқақ сезінуден туған пиғыл еді.

5. Тас бетіндегі қытайша мәтін мен оны толықтайтын өзге де деректерді саралау арқылы көне қытайлық отарлау саясатының тағы бір қырына көз жеткізуге болады. Мәтінде «әке-бала» қатынасы ұғымын тықпалай отырып, Көктің ұлының «кең пейілді», «мейірімді» екенін паш ету, сол арқылы қарсыластарының өз жағына өтуіне жағдай жасау, олардың күш-қуатынан ауық-ауық пайдаланып отыру саясаты жасырынған.

7. Бұрындары руникалық таңбалармен жазылған деректерді тек қана ЦТШ, СТШ секілді ресми деректер арқылы анықтау мүмкін болса, ендігі жерде тастағы қытайша жазбаның саралануы аталған екі деректі де белгілі мөлшерде нақтылай түседі. Бұл ретте деректердің арасындағы үш бұрышты (дәстүрлі қытай деректері, көне түркі руналық жазбасы және ескерткіштің өзіндегі қытайша жазба арасындағы) байланысқа баса назар аударылды. Сол негізде аталмыш ескерткіштегі руналық таңбамен жазылған деректердің шынайылығы, дәлдігі одан сайын паш етілді.

Қысқарған сөздер:

ЦТШ – Цзю Таншу (Көне Таң кітабы)

СТШ – Син Таншу (Жаңа Таң кітабы)

ХШ – Ханшу (Хан кітабы)

ХШ ДЧ – Ханшу Диличжи (Хан кітабы. Жағырапия баяны)

ЧШ – Чжоушу (Чжоу кітабы)

ЧТҚҚД – Чжунго тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер

Әдебиет

Ван Живэй 王日蔚, 1936. Динлиндер туралы зерттеу 丁零民族考. Тарихнама 史学集刊. № 10. Б. 47-64.

Васильев В.П., 1897. Китайские надписи на Орхонских памятниках в Кошо-Цайдаме и Карбалгасуне. СТОЭ. Вып. 3. СПб. С.1-36.

Зәкенұлы Т., 2006. Күлтегін ескерткішіндегі қытайша мәтіннің зерттелуі. Қазақ тарихы. Алматы. № 1. Б. 12-15.

Қайыркен Т.З., 2022. Күлтегін ескерткіші. Тарихи-деректанулық талдау. Алматы. Лантар BOOKS. 316 б.

Линь Ган 林幹, 1987. Көне түркі ескерткіштері туралы 古突厥文碑銘割記. 古突厥與回紇歷史論文選集. Пекин. Б. 582-594.

Мацуда Х., 1987. 松田壽男. 古代天山歴史地理學研究. 中央民族出版社. Пекин. 377 с.

Радлов В.В., 1892-1899. Атлас древностей Монголии. СТОЭ. Т. I-V. СПб. 538 с.

Сартқожаұлы Қ., 2003. Орхон мұралары. Т. I. Астана. 392 б.

Сартқожаұлы Қ., 2020. Орхон ескерткіштерінің толық атласы. Т. I. Астана. 501 б.

СТШ, 215. бума-1. 140. баян-1. Түрік-1.

Хан Жулин 韩儒林, 1935. Күлтегін ескерткішін оқу 读阙特勤碑札记 // 国立北平研究院院务汇报. 北平. Пекин. № 6. Б. 65-74.

- Хан кітабы (XIII) 94 –бума, ғұн баяны-2 漢書. 卷九十四. 匈奴傳.
- Хуан Чжунцин 黃仲琴, 1930. Тағы да Күлтегін ескерткіші туралы 再谈阙特勤碑. 中山大学语言历史学研究所周刊. 中山大学. Пекин. Т. 10. №120. Б. 41-53.
- Хуан Чжунцин 黃仲琴, 1933. Таң дәуіріндегі Күлтегін ескерткіші 唐阙特勤碑. Хэбэй ди и бо у юань баньюэ кань (河北第一博物院半月刊). 河北. Хэбэй. № 40. 21 б.
- Цыхай-辞海, 1979. Шанхай сөздік баспасы 上海辞书出版社. 2214.
- Цын Чжунмянь 岑仲勉, 1937. Түрікше күлтегін ескерткіші 跋突厥文阙特勤碑. Фучжэн суэчжи 輔仁學志. № 6. 答辯1-2. Б. 98-116.
- ЧТҚҚД-Чжунго тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер (中国史书中有关哈萨克族源史料选译), 2003. Т. II. 北京. 997 б.
- ЧШ-Чжоу кітабы 周书, 27бума. ғұмырнама-19.
- Юэ Цзя-цзао (乐嘉藻), 1934. «Қарақорымдағы Тан дәуіріне тән үш ескерткіш» (和林三唐碑记略). Хэбэй ди и бо у юань баньюэ кань (河北第一博物院半月刊). Хэби. № 40-59.
- Chlegel G., 1892. la stèle funéraire du Teghin Giogh et ses copistes et traducteurs chinois, russes et allemands. MSFOu. Vol. III. P.1-57.
- Golden Peter B., 2010. Turks and Khazars: Origins, Institutions, and Interactions in Pre-Mongol Eurasia. Ashgate Variorum. P. 24.
- Heikel A.O., 1982. Inscription de L Orhon recueillies par l expedition Finnoise 1890 et publiees par la Societe Finno-ougrienne. Helsingfors. 38 p.
- Gabelentz G.v.d., 1892. L'inscription chinoise du I-r monument, in [Heikel]. Inscriptions de l'Orkhon. Helsingfors. P. 25-26.
- Thomsen V., 1896. Inscriptions de l' Orkhon. Memoiresde la Societe Finno-Ougrienne (MSFOu). V. Helsingfors. 240 s.
- Radloff W.6 1894. Die altturkischen Inschriften der Mongolei. St.Peterbourg. P. 167-169.

Reference

- Wang Riwei, 1936. Dīnglíng mínzú kǎo [A Study of the Dingling Ethnic Group]. Shǐxué jīkān Journal of Historical Studie. No. 10. P. 47-64. [in Chinese].
- Vasiliev V.P., 1897. Kitayskiye nadpisi na Orkhonskikh pamyatnikakh v Kosho-Tsaydame i Karbalgasune [Chinese inscriptions on the Orkhon monuments in Kosho-Tsaidam and Karbalgasun]. STOE. Issue 3. St. Petersburg. P. 1-36. [in Russian].
- Zakenuly T., 2006. Kultegin eskertkishindegi qytaysha matinnin zerttelui [Study of the Chinese text on the Kultegin monument]. Kazak tarikhy [Kazakh history]. Almaty. No. 1. P. 12-15. [in Kazakh].
- Kaiyrken T.Z., 2022. Kültegin eskertkishi. Tarihi-derektanwlıq tal daw [Kultegin monument. Historical and documentary analysis]. Almaty: Lantar BOOKS. 316 p. [in Kazakh].
- Lin Gan, 1987. Gǔ tūjué wén bēimíng zhàjì [Notes on Ancient Turkic Inscriptions]. Gǔ Tūjué yǔ Huìhé lìshǐ lùn wén xuǎnjí [Selected Essays on Ancient Turkic and Uyghur History]. Beijing. P. 582-594. [in Chinese].
- Matsuda Hisao, 1987. Gǔdài tiānshān lìshǐ dìlǐ xué yánjiū [A Study of the Historical Geography of the Ancient Tianshan Mountains]. Beijing. 377 p. [in Chinese].
- Radlov V.V., 1892-1899. Atlas drevnostey Mongolii [Atlas of Mongolian Antiquities]. STOE. T. I-V. St. Petersburg. 538 p. [in Russian].
- Sartkozhauly K., 2020. Orhon eskertkishteriniñ tolıq atlası [Complete atlas of Orkhon monuments]. Volume I. Astana. 501 p. [in Kazakh].

Sartkozhauly K., 2003. Orhon muraları [Orkhon Heritage]. I t. Astana. 392 p. [in Kazakh].
Cen Zhongmian, 1937. Bá tǔjué wén què tèqín bēi [Postscript to the Kultegin Stele]. Fǔrén xué zhì [Fu Jen Catholic University Journal]. No. 6. Replies 1-2. P. 98-116. [in Chinese].

Xīn Táng shū, Juǎn 215 -1, Zhuán 140 -1, tǔjué-1 [New Book of Tang, Volume 215-1. Biographies 140-1. Turks-1]. [in Chinese].

Han Rulin, 1935. Dú Quē tèqín bēi zhájì [Notes on reading the Kultegin Monument]. Guólì Běipíng yán jiù yuàn yuàn wù huìbào [Report of the National Peiping Research Institute. Peiping]. No. 6. P. 65-74. [in Chinese].

Hànshū. Juǎn jiǔshí. Xiōngnú zhuán [Book of Han, Volume 94, Biography of the Xiongnu]. [in Chinese].

Huang Zhongqin, 1930. Huángzhōngqín. Zài tán Quē tè qín (Kultegin) bēi [A Revisit to the Kultegin Stele]. Zhōngshān dàxué yǔyán lìshǐ xué yánjiū suǒ zhōukān [Weekly of the Institute of Linguistics and History, Sun Yat-sen University]. Sun Yat-sen University. Beijing. 10 vols. No. 120. P. 41-53. [in Chinese].

Huang Zhongqin, 1933. Táng quē tèqín [Kultegin] bēi [The Kultegin Stele]. héběi dì yī bówùyuàn bànyuèkān [Hebei First Museum Semi-Monthly]. Hebei. No. 40. P. 21. [in Chinese].

Cíhǎi, 1979. Shànghǎi císhū chūbǎn shè [Cihai. Shanghai Lexicographical Publishing House]. 2214. [in Chinese].

ZTQQD-Zhongguo tarihnamlarındağı qazaqqa qatıstı derekler [ZTKKD-Data on Kazakhs in Chinese Historiographies], 2003. Vol. II. Beijing. 997 p. [in Kazakh].

Zhōu shū, Juǎn 27, Zhuán-19 [Book of Zhou, Volume 27, Biographies-19]. [in Chinese].

Chlegel G., 1892. la stèle funéraire du Teghin Giogh et ses copistes et traducteurs chinois, russes et allemands. MSFOu. Vol.III. P.1-57.

Gabelentz G.v.d., 1892. The Chinese inscription of the I-r monument, in [Heikel] Inscriptions of the I-r Orkhon. Helsingfors. P. 25-26.

Golden Peter B., 2010. Turks and Khazars: Origins, Institutions, and Interactions in Pre-Mongol Eurasia. Ashgate Variorum. P. 24

Heikel A.O., 1982. Inscription of L Orhon recueillies par l expedition Finnoise 1890 et publiees par la Societe Finno-ougrienne. Helsingfors. 38 p.

Radloff W., 1894. Die altturkischen Inschriften der Mongolei. St. Petersburg. P.167-169.

Thomsen V., 1896. Inscriptions of the Orkhon. Memoirs of the Finno-Ougrienne Societe (MSFOu). V. Helsingfors. 240 p.

Yue Jiazhao, 1934. Hé lín (Harhorim) sān táng bēijì lüè [A Brief Account of the Three Tang Dynasty Steles in Harhorim]. héběi dì yī bówùyuàn bànyuèkān [Hebei First Museum Semi-Monthly]. Hebi. No. P.40-59. [in Chinese].

Автор туралы мәлімет:

Қайыркен Тұрсынхан Законұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ.Сәтбаев көш., 2, Астана, Қазақстан Республикасы.
Scopus ID: 57194042239

Information about author:

Kayirken Tursynkhan Zakonuly, Doctor of Historical Sciences, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 K.Satpayev Str., Astana, Republic of Kazakhstan.
Scopus ID: 57194042239

Сведения об авторе:

Қайркен Турсынхан Закоңулы, доктор исторических наук, профессор, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, ул. К.Сатпаева, 2, Астана, Республика Казахстан.

Scopus ID: 57194042239



Conflict of Interest.

There is no conflict of interest related to this article.

Мүдделер қақтығысы.

Мақалаға байланысты мүдде қақтығысы жоқ.

Конфликт интересов.

Нет конфликта интересов, связанного со статьей.